

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасында экономикалық және қаржылық бұзушылықтармен күрес саласында ынтымақтастық, сондай-ақ заңсыз өткізілген валюталық құндылықтарды қайтару туралы келісімге қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 22 қазан N 1587

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасында экономикалық және қаржылық бұзушылықтармен күрес саласында ынтымақтастық, сондай-ақ заңсыз өткізілген валюталық құндылықтарды қайтару туралы келісімге қол қойылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасында экономикалық және қаржылық бұзушылықтармен күрес саласында ынтымақтастық, сондай-ақ заңсыз өткізілген валюталық құндылықтарды қайтару туралы Келісім

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі,

мемлекеттік егемендігін өзара құрметтеу принциптеріне сүйене отырып, ұлттық заңдардың ережелеріне және өз мемлекеттерінің халықаралық міндеттемелерін негізге ала отырып,

тең құқықтық, өзара түсіністік жеке өзара тиімділік принциптерін басшылыққа ала отырып,

экономикалық және қаржылық, бұзушылықтардың алдын алуға, анықтауға және жолын кесуге, сондай-ақ, заңсыз өткізілген валюталық құндылықтарды қайтаруға байланысты міндеттерді тиімді шешуге өзара мүдделігіне сүйене отырып, мына төмендегілер туралы уағдаласты:

1-бап. Келісімнің мақсаты

Экономикалық және қаржылық, заңдарды бұзушылыққа қарсы тиімді күресті ұйымдастыру және Тараптар мемлекеттерінің аумағына заңсыз өткізілген валюталық, құндылықтарды қайтару мақсатында Тараптардың құзыретті органдарының ынтымақтастығы осы Келісімнің мақсаты болып табылады.

Осы Келісім азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша

құқықтық көмек көрсету туралы қолданылып жүрген халықаралық келісімдер жөніндегі Тараптардың міндеттемелерін қозғамайды.

## 2-бап. Тараптардың құзыретті органдары

Осы Келісімнің Тараптардың құзыретті органдары болып табылады:

Қазақстан Республикасының тарапынан - Мемлекеттік кіріс министрлігі, Ішкі істер министрлігі.

Әзірбайжан Республикасының тарапынан - Ішкі істер министрлігі, Қаржы министрлігі, Ұлттық Банк, Мемлекеттік Кеден комитеті, Бас мемлекеттік салық инспекция немесе екі жағдайда да осы Келісімнің қолданылу кезеңінде Тараптардың жоғарыда аталған құзыретті органдардың уәкілетті кез келген тұлғасы не органы болып табылады.

Құзыретті органдардың ресми атауы өзгерген жағдайда, Тараптар ол туралы дипломатиялық арналар бойынша бір-бірін дереу хабардар етеді.

## 3-бап. Ынтымақтастық нысандары

Осы Келісімнің аясында Тараптар ынтымақтастықтың мынадай нысандарын:

1) экономикалық және қаржылық бұзушылық туралы ақпарат алмасуда;

2) экономикалық және қаржылық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау және жолын кесу, сондай-ақ заңсыз өткізілген валюталық құндылықтарды қайтару жөнінде шаралар қолданған кезде өзара іс-қимыл жасауда;

3) ұлттық, қаржы жүйелері туралы қаржылық-экономикалық заңдарға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы, сондай-ақ қаржылық-экономикалық заңдарды бұзушылықтардың, алдын алу, анықтау және жолын кесу жөнінде әдістемелік ұсыныстар туралы ақпарат алмасуда;

4) жұмыс топтарын құруды, өкілдер, сарапшылар алмасуды және кадрларды оқытуды қоса алғанда, ынтымақтастық процессінде туындайтын мәселелерді жедел қ а р а у д а ;

5) қаржылық және экономикалық бұзушылықтарға қарсы күрес проблемалары

бойынша ғылыми-практикалық, конференциялар мен семинарларды ұйымдастыруда  
және өткізуде пайдаланады.

Ұлттық қаржылық жүйелері және қаржылық-экономикалық, заңдарды

бұзушылық туралы ақпарат алмасу мемлекеттік құпиялар туралы Тараптардың заңдарын сақтай отырып жүзеге асырылады.

Осы Келісімнің ережелерін іске асырумен байланысты мәселелер бойынша құзыретті органдары бір-біріне тікелей қызмет етеді.

#### 4-бап Тараптардың өзара іс-қимыл жасауы

Тараптардың құзыретті органдары қаржылық-экономикалық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау және жолын кесу, сондай-ақ заңсыз өткізілген валюталық құндылықтарды қайтару жөнінде өзара іс-қимыл жасайтын болады.

#### 5-бап. Құқықтық сипаттағы ақпарат алмасу

Тараптардың құзыретті органдары қаржылық-экономикалық саланы реттейтін нормативтік құқықтық актілердің қабылдануы, оларға өзгерістер мен толықтыруларды енгізілу туралы жүйелі түрде ақпарат алмасуды жүзеге асырады.

#### 6-бап. Ақпараттық қамтамасыз ету мәселелері бойынша ынтымақтастық

Тараптардың құзыретті органдары қаржылық-экономикалық заңдарды бұзушылыққа қарсы күресті күшейту мақсатында ақпараттық жүйені құру және жұмыс істеу мәселелері бойынша тәжірибе, әдістемелік және ғылыми материалдар алмасуды жүзеге асырады, бір-біріне қажетті ақпаратты өтеусіз тегін береді.

#### 7-бап. Тәжірибе алмасу және кадрлар даярлауды көмек көрсету

Тараптардың құзыретті органдары кадрларды оқыту және қайта даярлау мәселелері бойынша өздерінің оқу орындарының базасында ынтымақтастық жасайды,

қаржылық-экономикалық бұзушылыққа қарсы күрестің көкейкесті мәселелері бойынша бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізеді.

Осы баптың аясында ынтымақтастықты жүзеге асырудың нақты нысандары

Тараптардың құзыретті органдары арасында жасасқан сәйкес Келісімдермен айқындалады.

#### 8-бап. Сұрау салудың нысандары және мазмұны

Сұрау салу жазбаша нысанда немесе телетайп, факсимельдік немесе компьютерлік байланыстар арқылы жіберіледі. Кезек күттірмейтін жағдайларда сұрау салу дереу растама алу арқылы ауызша және жазбаша нысанда берілуі мүмкін. Телетайп, факсимельдік немесе компьютерлік байланыстарды пайдаланған жағдайда сұралатын құзыретті орган жазбаша нысанда растама талап етуі мүмкін.

Жәрдемдесу туралы сұрау салу мыналарды қамтуы тиіс:

- а) сұрау салушы Тараптардың құзыретті органының атауын;
- б) сұралатын Тараптың құзыретті органының атауын;
- в) істі қысқаша баяндау және сұрау салуды негіздеуді;
- г) сұрау салуды тиісінше орындауға қажетті кез келген басқа да ақпаратты.

#### 9-бап. Сұрау салуды орындау

Сұрау салу ол алынған күннен бастап бір айдан кешіктірмей орындалады. Қажет болған жағдайда сұрау салуды орындаудың мерзімі Тараптардың құзырет органдарының өзара келісімі бойынша ұзартылуы мүмкін. Сұрау салу сұралатын Тараптың мемлекетінің күші бар заңдарында белгіленген тәртіппен орындалады.

Сұралатын Тараптардың құзыретті органы қажет болған жағдайда қосымша ақпарат с ұ р а т у ы м ү м к і н .

Сұрау салуды қанағаттандыру мүмкін болмаған жағдайда сұралатын Тараптың құзыретті органы бұл жөнінде сұраушы Тараптың құзыретті органына дереу х а б а р л а й д ы .

Егер осындай сұрау салу сұралатын Тараптың егемендігіне немесе

қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін болса, не заңдарына қайшы келсе, сұрау салуды орындаудан толығымен немесе ішінара бас тартылады.

Тараптардың сұрау салуын орындауын бас тартудың себептері сұраушы Тараптың құзыретті органына жазбаша нысанда хабардар етіледі.

10-бап. Сұрау салуды орындау кезінде өзара түсіністік

Сұралатын Тараптың құзыретті органы сұраушы Тараптың құзыретті органының өкілетті өкілін, егер бұл сұралатын Тарап мемлекетінің заңдарына қайшы келмесе, өз мемлекетінің аумағында сұрау салуды орындауға қатысуға рұқсат етеді.

11-бап. Тіл

Ақпарат алуға сұрау салу және оған жауап Тараптардың өзара келісілген тілде жасалады.

12-бап. Ақпаратты пайдалану

Тараптардың құзыретті органы осы Келісімнің ережелерін орындауға байланысты ақпараттың құпиялығына кепілдік береді.

Осы Келісімнің аясында алынған ақпаратты аталмыш ақпаратты берген құзыретті органның жазбаша келісімінсіз үшінші Тарапқа беруге болмайды.

13-бап. Заңсыз аударылған валюталық құндылықтарды қайтару механизмі

Заңсыз аударылған валюталық құндылықтарды қайтару механизмі Тараптардың өзара келісімі бойынша анықталады.

14-бап. Шығындар

Тараптардың құзыретті органдары өзара уағдаластық бойынша осы Келісімнің ережелерін жүзеге асыруға байланысты барлық шығындарды көтереді.

15-бап. Келісімді жүзеге асыру жөніндегі қосымша шаралар

Тараптардың құзыретті органдарының өкілдері қажет болған жағдайда осы Келісімнің ережелерін орындауға байланысты мәселелерді талқылау мақсатында екі жақты кездесулер өткізеді.

## 16-бап. Өзгерістер мен толықтырулар енгізу

Осы келісімге жекелеген хаттамалармен рәсімделетін Тараптардың өзара келісімі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін және осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

## 17-бап. Таластар және келіспеушіліктер

Осы Келісімнің ережелерін қолдануға немесе түсінік беруге байланысты туындаған барлық таластар мен келіспеушіліктер Тараптар арасында келіссөз және кеңес арқылы шешіледі.

## Қ о р ы т ы н д ы е р е ж е л е р

Осы Келісімге Тараптардың оны күшіне енгізуге қажетті ішкі

мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Келісімнің қолданылуы Тараптардың біреуі екінші Тараптан оның қолданылуын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарлама алған күннен бастап 6 ай өткеннен кейін доғарылады.

1999 жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ каласында екі данада, әрқайсысы қазақ, әзірбайжан және орыс тілдерінде жасалды, бұл ретте бүкіл мәтіндердің күші бірдей. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер пайда болған жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі мәтінді басшылыққа алатын болады.

Қазақстан Республикасының      Әзірбайжан Республикасының  
Үкіметі үшін                              Үкіметі үшін

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК